

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 1024 қаулысы.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 69-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 1024 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының

денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 69-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің (бұдан әрі – қызметкер) денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Қызметкердің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ қызметкердің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражатынан толық көлемде өтеледі, кейіннен бұл сома залал келтірген адамнан өндіріп алынады.

3. Осы Қағидаларға сәйкес залалды өтеу ретінде төленген сома Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес залал келтірген адамдардың есебінен өтелуге жатады.

2-тарау. Залалды өтеу тәртібі

5. Қызметкердің және (немесе) оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өзге адамдардың құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан зардап шеккен деп танылғаны туралы заңды күшіне енген сот шешімі қызметкердің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ қызметкердің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу үшін негіздеме болып табылады.

6. Залалды өтеу үшін оны өтеуге құқығы бар адамдар Қазақстан Республикасының құқық қорғау органына, азаматтық қорғау органына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі баянат (арыз);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) теңгелік банк шотының нөмірі туралы мәліметтер;

4) сот шешімінің көшірмесі;

5) залалды өтеуге құқығы бар адамның мүдделерін заңды өкіл білдірген жағдайда заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжат.

Ескерту. 6-тармақтың 3) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Залалды өтеу туралы баянатты (арызды) қарау мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды.

8. Өтелуге жататын залалдың мөлшері сот арқылы белгіленеді.

9. Залалды өтеу Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі басшысының не уәкілетті басшының бұйрығы негізінде бұйрық шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны өтеуге құқығы бар адамның банктік шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүзеге асырылады.

10. Залал келтірген кінәлі адамның есебінен залал өтелген жағдайларда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі ақшалай төлемдерді жүргізбейді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

11. Төлемдерді заңсыз алуға бағытталған әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

12. Залалды өтеуден туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Қазақстан Республикасының
құқық қорғау органы, азаматтық
қорғау органы, мемлекеттік
фельдъегерлік қызметі
қызметкерінің денсаулығы мен
мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының құқық
қорғау
органы, азаматтық қорғау
органы, мемлекеттік
фельдъегерлік қызметі
қызметкерінің қызметтік
міндеттерін атқаруына
байланысты оның отбасы
мүшелері мен жақын
туыстарының денсаулығы мен
мүлкіне келтірілген залалды
өтеу қағидаларына
қосымша

Кімге: _____

(органның басшысына)

Кімнен:

(арыз берушінің Т.А.Ә. (бар
болса)

_____ тұрады

тел: _____

Баянат (арыз)

Заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде _____

қызметтік міндеттерін атқаруына (арыз иесі үшін қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) және туыстық дәрежесі) байланысты менің денсаулығым және мүлкіме келтірілген залалды өтеу бойынша ақшалай төлемдер жүргізуіңізді сұраймын.

Баянатқа (арызға) мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Қолы _____.

Күні _____ жылғы " ____ " _____.